

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Афроеуразия мен оның жетекші  
империялары (1500–1600 жж.)



**Дәрістің мақсаты:** жаңа заман кезеңіндегі Афроеуразияның дамуын, негізгі Азия, Африка мен Африкадағы жетекші мемлекеттерге тоқталу.

**Кілт сөздер:** капитуляция, католиктік реформация, Осман империясы, янычарлар, падишах, Токугава сегунаты, Габсбургтер династиясы, қару-жарақ, Романовтар династиясы, мұсылмандар мен индустар, Еуропа, абсолютизм.

Бүгінгі дәрісте Сіздермен Афроеуразия құрлығының XVI–XVII ғасырлардағы дамуына тоқталамыз. Бұл тарауды біз үш тараушаға бөліп, соның екі мәселесіне айрықша тоқталамыз. Бірінші тараушада өзгеріске түскен Африканың саяси картасы қарастырылады. Екінші тараушада от қарудың технологиясы мен оның Афроеуразия арқылы таралуы талданады. Қару-жарақтың көбеюі армиялардың жанкештілігін арттырды. Бірақ соғыс жүргізу үшін мүдделі үкіметтер қанша қымбат болса да, қымбат әскерді қаруландыруы қажет болды. Бұл өз кезегінде халыққа салық төлету мақсатында аграрлық ресурстар мен коммерциялық бағыттарға бақылау орнатуды күшейтті. Үшінші тараушада XVI ғасырдағы Афроеуразияның мәдени жетістіктері, күшті мемлекеттердің дамуы мен жаһандық экономиканың таралуына байланысты өзгерістер зерттеледі.

Діни мен моральдық салада сенім мәселесіне қатысты өткір пікірталастар болды. Әсіресе ол жаңа конфуциялық Қытайда, орталық мұсылман мемлекеттері мен христиандық Еуропада көрініс тапты. Екінші маңызды өзгеріс – жекелеген аймақтық тілдердің басымдыққа ие болуы мен солармен байланысты мәдени стильдердің қалыптасуы. XVI ғасырда жергілікті тілдердің орнын қолдану аумағы кеңейіп жатқан мемлекеттердің тілдері алмастырып, әмбебап діндер мен халықаралық сауда топтары пайда бола бастады. Бұл мәселе кейінгі дәрісте арнайы талданады.

Ал, Сіздің ойыңызша XVI ғасырдың басты ерекшелігі не деп ойлайсыздар?

Бір жағынан, бұл уақыт саяси консолидация кезеңі. От қарудың пайда болып жаппай таралуы, кәсіби әскердің артуы, тактика мен стратегиядағы өзгерістер геосаяси бәсекелестіктің шарттарын қиындата түсті. Кішкентай мемлекеттерге адам мен материалдық ресурстарды жинауда жаңа орта аса күрделі болды. Нәтижесінде олардың біразы құлдырап, үлкен, күшті көршілермен бағындырылды. Осы кезеңдегі геосаяси ландшафтінде алып мемлекеттер – мықты ұлттық монархиялар немесе көп ұлтты империялар жетекші рөл атқарды. Екінші жағынан, XVI ғасыр – интеллектуалды ой мен мәдени ізденістер ғасыры, жауапсыз қалған сұрақтар уақыты болды. Еуропадағы реформация, Ислам әлемі мен Қытайдағы діни кезбелік сенімсіздік атмосферасын күшейтті.

XVI ғасырда Афроеуразиядағы барлық мемлекеттер дерлік ауылшаруашылығын жүргізу, табиғи пайдалы қазбаларды өндіру, байланыс және соғыс ұйымдастыру үшін қажетті технологияларға ие болды. Олардың көбінде халықтың өсуі мен экономикалық дамуы орын алды. Кейбірі елдер ғана монархия жағдайында дамыды. Афроеуразиядағы корольдер, императорлар, сұлтандар немесе шахтар, шенеуніктер иерархиясында жоғарғы орынға ие болды және өздерін қасиетті күштің өкілдері ретінде жариялады. Ал мемлекеттер болса, бір-бірінен халқының санымен, саяси институттардың құрылуымен, әртүрлі мәдени деңгейімен және билікті күшейтуге бағытталған стратегияларымен ерекшеленді.

От қаруға ие болған және ұтымды саяси институттарды ұйымдастыра білген кейбір мемлекеттер XVI ғасырда екі нәрседе сәттілікке қол жеткізді. Біріншіден, бұл мемлекеттер өз халқын бақылауда ұстап, салық салуды тиімді ұйымдастыра бастады. Екіншіден, олардың бірқатары империялық аумағын кеңейтуді жүзеге асыру үшін өз қаржы ресурсының көп бөлігін аямай пайдаланды. Осыған байланысты бұған дейін тәуелсіз болған және күшті бәсекеге төтеп тұрған мемлекеттер алып мемлекеттерге бағынышты елдерге айналып немесе тіпті жоғалып кетуге дейін барды. XVI ғасырда ірі мемлекеттер кіші корольдіктерді, қала мемлекеттерді және өзін-өзі басқарып отырған кландар мен тайпаларды жұтып тастады.

Атап өткендей, XV ғ. соңы – XVII ғ. басы ұлттық монархиялар мен империялардың өсуі, орталық биліктің күшеюімен сипатталды. Бюрократиялық аппарат, от қару, халықтың өсуі, салық жинаудың тиімді тәсілдері геосаясаттағы жеңістің құрамдас бөлігі болды. Қытайдағы



Мин династиясы Афроеуразияттық конгломераттағы өзгерістердің хабаршысы сияқты еді. Қарастырылып отырған кезеңде Қытайды тұрақсыздық жайлап, императорлар әулетінің негізін қалаушылар экспансионистік саясаттан бас тартуға мәжбүр етті.

XIII ғасырдың соңында пайда болған османдық түріктердің мемлекеті бұл кезеңде аумақта теңдесі жоқ дамуды бастан өткереді. XIV ғасырдың соңында османдар негізінен христиандар қоныстанған Балқан түбегіне өз бақылауын орнатады. Әлсіреген Византия империясы 1453 жылы өз астанасымен бірге талқандалды. Селим I-ші Явудың билікке келуімен жаулаудың жаңа толқыны басталып, османдар Таяу Шығыс, солтүстік Африка мен оңтүстік-шығыс Еуропаның елеулі бөлігінің қожайынына айналды.

Осман үкіметінде сүнниттік мұсылман заңгер-ғалымдар басқарылған сот жүйесінен басқа барлық салалар қатаң әскери сипатта болды. Қалай айтсақ та, бұл министрліктер өз қызметін империяны қорғауға және оның аумағын үздіксіз кеңейтіп отыру саясатына арнады. XVI ғасырда Оттомандық әскери күштер үш негізгі элементтерден тұрды. Біріншісі бұл – кавалериялық полктер, түрік шегарашылары немесе шаруаларға салық салу құқығына ие болу үшін әскерлерлерін құраған сипайлар. Екіншісі – янычарлар. Олар бағынышты құлдардың жаяу атты әскерінің корпусы ретінде XVI ғасырда шамамен 7 мың комбатантқа дейін жетті. Үшіншісі – ғасырдың басында Жерорта теңізі мен Қара теңіздегі теңіз державасы ретінде Венеция мен Генуяны ығыстырған Осман империясының флоты еді. Осман империясының флоты Араб теңізіне португалдық кемелермен қатар келді.

Османдардың жеңісі бюрократиялық жүйеге негізделді және ол сұлтандарға империяның ірі ресурстарын пайдалануға мүмкіндік берді. Іс жүзінде – бұл соғыс қажетіне бағындырылған тоқтаусыз «машина» десе болды. Оның орталығын – сұлтан, негізгі кеңесшілері – уәзір немесе бас министр басқаратын диван құрайды. Олардың барлығы сұлтанның техникалық құлдары. Сұлтанның құлдары османдық әскердің тәртіпті әрі кәсіби бөлігі – янычарлар да болды. Олар бағындырылған халықтың арасында Исламды қабылдаған жас өрендердің қатарынан құралды. Бұл олардың сұлтан алдындағы жеке жауапкершілік сезімін күшейтуде ерекше ықпалы болды. Османдық кавалерия сипайлар, яғни өз қызметі үшін жер бөліктерін алатын түркітілдес анатолыялық феодалдардан тұрды. XVI ғасырдың ортасында Жерорта теңізінде жетекші күшке айналған османдық флот Алжир, Тунис пен Триполитаниядағы Берберлік қарақшыларға сүйенді.

Сүлейман I-ші Кануни тұсында өз дамуының шарықтау шегіне жеткен көпконфессионалды және көптілді Осман империясы сауда империясы да болды. Армяндық, грек, еврей мен мұсылмандық саудагерлер өз сауда мүдделеріне жету үшін ішкі тұрақтылықты пайдаланды. Сұлтандар империядағы өндірілген тауарлардың сатылымын капитуляциялар деп аталған жеңілдіктерді беру арқылы қолдады. Ол бойынша шетелдік саудагерлерге (негізінен француздар мен итальяндықтар) төмендетілген баж салығы, ішкі салықтардан босату және өз заңдарына сәйкес соттау құқығы түріндегі арнайы жеңілдіктер жасалынды.

Осман империясының ең жақын орналасқан көршісі және осы аймақтағы үстемдік үшін күресте негізгі қарсыласы Сефевидтік Парсы елі болды. Әзірбайжандағы түркі тілдес көшпенді халықтардың көсемі Исмаил I негізі қаланған жаңа билеуші әулет бірден бүкіл Ирандық таулы аймаққа, қазіргі Түркменстанның бөлігі, Гиндукуш және уақытша болса да Месопотамияға бақылауды орнатты. Жаңа парсылық империяда шейіттік Ислам діні басты рөлге ие болды. Нәтижесінде Исламның Шейіттік дін тармағына Парсы империясы халқының елеулі бөлігі кірді. Бұл өз кезегінде сүнниттік бағыттағы Осман империясымен қарым-қатынастардың конфессияаралық сипатқа ие болып, ұзаққа созылуына әкелді.

Сефевидтік Парсы елі өзінің шарықтау шегіне Шах Аббастың, яғни Исмаилдың немересі тұсында жетеді. Оның билеуі кезінде артиллерия және мушкеттермен жабдықталған тұрақты мықты әскер құрылды. Османдармен және португалдықтармен соғыста Аббас жеңімпаз болып шықты. Оның жеңіске жетуіне ағылшын әскери кеңесшілері мен ағылшын флоты көмектесті. Парсы елінің Үндістаннан Еуропаға өтетін тоғыз жолдың торабында орналасуы сауданың өсуіне ерекше әсер етті.

Шах Аббас діни салаға да ерекше мән берді. XVII ғасырдың басында жаңа астана ретінде Исфahanды қалпына келтіру мақсатында ол қаланың маңызды бөлігі – мешіттің құрылысына қаржы бөлді. Мешіттің дуалдары мен күмбездері Құран сүрелерімен жазылған және гүл бейнелермен сәнделген. Бұл парсы архитектурасының ерекшеліктерінің бірі болып табылады.



Осы уақытта солтүстік Үндістанда билікке ортаазиялық Ұлы моғолдар әулеті келді. Әулеттің алғашқы билеушілері – Бабур мен Хумаюн барлық күшін аймақта өз империясының саяси белсенділігін күшейтуге бағыттады. Бұл мақсатқа моғолдар ұлы Акбар тұсында қол жеткізе алды, империяға Бенгалия, Кашмир, Гуджарат пен Декандық таулы үстірттің бөлігі қосылды.

Сол кездегі барлық монархтары сияқты Акбар да өзінді үлкен жоспар құрды. Ол көрші мемлекеттермен соғыстар жүргізуді, олардың қазынасын алуды, қол астына кірген бағынышты халықтарға салық салуды, қоғамдық тәртіпті сақтау мен өзінің империялық билігін жоғарғы деңгейде көрсетуді мақсат етті. Акбар бұл жоспарларын жүзеге асыру үшін 33 деңгейге бөлінген қолбасшылар мен әмірлерден құралған шенеуніктердің дәрежелерін құрды. Оған ішінде мұсылмандар мен үндістер де бар офицерлер, кавалериялық әскерлер кірді. Дәрежесі өскен сайын, олардың империя аумағын қорғап, кеңейту жөніндегі жауапкершілігі одан сайын арта түсетін. Мемлекет оларға жалақы беріп, ауылшаруашылық жерлерден өз пайдасына салық алуға құқық берді. Олар өз меншігін мұраға бере алмады және мемлекеттен тыс тәуелсіз билікті құра алмады. Сонымен қатар, Акбар жергілікті ханзадалар деп помещиктер мен табыс әкелетін кәсіпкерлерді атады. Олар үндістер мен мұсылмандардан жиналатын салықты бақылап, қадағалап отырды.

Акбар Ұлы Моғолдар әулетінде абсолюттік билікке сөзсіз бағыну мен адалдыққа негізделген билік жүйесін орнатты. Ол өзін падишах немесе патшалардың патшасы деп жариялады. Акбар мен оның ізбасарлары өздерін салтанатпен құрметтеуді талап етті.

Ол дін саясатында өз уақытынан ілгері озып кетті. Акбар дінге деген сенімділікті қалыптастырып, жаңа синтетикалық культ «Дин-и-иллахиді» орнатуға тырысты. Ол Гуру Нанаканың ілімінің ұстанушы пацифистік бағыттағы сикхтерге Амритсар қаласында арнайы аймақ беріп, олар бұл қалада өзінің Алтын храмын салды.

Оның мұрагерлері, іскер билеушілер империяны кеңейтуді жалғастырды. Аурангзеб тұсында империя өзінің дамуында шарықтау шегіне жетеді. Ол Акбарға қарағанда діни фанатик болды, бұл өз кезегінде ішкі қайшылықтардың көбейіп, мемлекеттің күрт әлсіреуіне әкеледі.

Осы кезде Шығыс Еуропа мен батыс Азияда жаңа күш – Мәскеу мемлекеті пайда болды. Кезінде Алтын Ордаға алым-салық төлеген Мәскеу XV ғасырда Солтүстік-шығыс Русьтің бірінен кейін бір княздіктерін қосып, болашақ Ресей империясының негізін қалады.

Мәскеу мемлекеті IV Иван Грозныйдың тұсында Еділ бассейнін өзіне бағындырып, өзеннің ағысы бойындағы татарлық хандықтарды жаулап алды. 1580 жылдары Мәскеу мемлекеті Сібірге қарай жол аша бастайды. Батысқа қарай жолды Иванға дейінгі патшалар ашты. XV ғасырда орыс көпестері, зерттеушілері тұрақты түрде Германия, Италия, Франция мен Англияға сапар жасап отырды. Бірақ батыс көршілердің бәрімен жақсы қарым-қатынастар болмады. IV Иван Грозный мемлекеттің батыс шегараларында Балтық теңізіне шығу үшін Польша, Литва, Ливондық Орден және Швециямен соғыс жүргізеді. Ол 1558 жылдан осы мемлекеттермен ұзақмерзімдік соғысты бастады. Ақыр соңында тарихта Ливондық соғыс деп аталынған соғыс сәтсіз аяқталды. Триумфтен басталған қаһарлы Грозныйдың басқаруы елеулі саяси дағдарыстың себебіне айналды. Иван патша соғыстарының шығындарын төлеу үшін орыс және бағынышты славян халықтарына ауыр алым-салық салынды. Мұндай салықтардан құтылу үшін көптеген бағыныштылар Украина немес батыс Сібірге қашты.

Бұл кезең бытыраңқылық орнаған Жапония үшін де белгісіз болды. XVI ғасырдың басында жапон еліндегі билік императорға да, Асикага әулетінен шыққан сегунға да емес дайме князьдарының қолында болды. Биліктегі саяси жағдайдың бұлайша өзгеруі екі әскери қолбасшы – Ода Набунага мен Тоетоми Хидэесидің қызметімен байланысты еді. Олар әскерде реформалар жүргізіп, еуропалықтардан алған от қарумен жапон архипелагының 3 негізгі аралдарын бағындырды. Бірақ Набунагидан кейін жаңа сегунға айналған Хидэеси бұл бағындырғын аралдармен тоқтамай, Кореяны бағындыру үшін соғыс бастады. Тойотоми Хидээши (1536–1598 жж.), Набунагаға қызмет ету арқасында өскен генерал, 300 мыңдық әскерді құрап, бірнеше жыл бойы Жапонияны басқарды. Ол 1592 жылы Кореяға құрлықпен шабуылды да ұйымдастырды. Тіпті «Мен Қытайды өз қолыма аламын және өле өлгенше басқарамын» деп мақтанды. Корей флотының қарулануының жоғарғы деңгейде болуы себебінен соғыс Жапония үшін сәтсіз дамыды. Хидэесидің өлімімен самурайлық әскер Кореядан шығарылды.

Кореядағы сәтсіздік Жапониядағы әртүрлі дайме арасында жаңа азаматтық соғысқа әкелді. Олардың арасынан жеңімпаз болып Хидэесидің қолшоқпары Токугава Иэясу шығып, ол сегундардың жаңа әулеті – Токугава сегунатын құрды.



Орталықтанған және экспансионистік монархиялар оңтүстік-шығыс Азияда – Үндіқытай мен Зондтық аралдарда да құрылды. Олардың арасындағы елеулісі оңтүстік пен солтүстік княздіктерге бөлінген Вьетнам, Бирма мен Таиланд сияқты буддистік мемлекеттер болды. Олардың барлығы оқ қарумен жасақталған армия мен орталыққа бағынған бюрократиялық аппараты пайдаланды.

Осы уақытта еуропалық құрлық кішігірім көлемді мемлекеттік құрылымдардың күрделі жиынтығынан тұрды. Ең сәтті саяси консолидация мақсатындағы эксперименттер батыс пен шығыс Еуропада орын алды. Олардың ішінде ең сәттілері атлантикалық жағалаудағы ұлттық монархиялар (Англия, Франция мен Испания), Речь Посполита деген атпен белгілі Поляк–литовск конфедерациясы болды. Жаңа соғысты жүргізудің тәсілдері мен құрал-жабдығымен қамтамасыз етілген бұл мемлекеттер құрлықтағы үстемдік үшін квази-перманенттік қақтығыста болды. Реформация геосаяси сипаттағы қақтығысқа діни сипат берді.

Осы кезеңдегі негізгі қақтығыс Қасиетті Рим империясын өз бақылауына алған Испанияның Габсбургтердің Валуа династиясының өкілі мен француздық монархтармен арасындағы күрес болды. XVI-XVII ғасырларда тамыры Арманьяктардың Бургиньондармен қақтығыс кезеңінен бастау алатын бұл күрес тек 1918 жылы әртүрлі вариацияда Австро-венгрияның құлауымен аяқталады.

Бір атап өтерлігі, Габсбургтер үлкен қиындықпен болса да, уақытша өз француздық қарсыласынан басым болады. Оған 1560 жылдары діни келіспеушіліктердің негізінде туындаған азаматтық соғыс ықпал етті. Ерекше қатыгездікке тән болған бұл соғыс (соның ішінде Варфоломей түні) XVI ғасырдың соңында протестанттардың бұрынғы көшбасшысы Генрих IV-нің католицизмді қабылдап, патшалық құрылуымен аяқталды. Оның билікке келуімен жаңа Бурбондар династиясы билігі басталады.

Еуропаның басқа бір бөлігінде діни сипаттағы тағы бір азаматтық соғыс – нидерландық тәуелсіздік үшін соғыс немесе 80 жылдық соғыс болды. Испания Еуропаның осы экономикалық тұрғыда дамыған бөлігінде өз ықпалын сақтап қалу үшін күресті. Нәтижесінде 10 солтүстік провинция протестанттық Голландияны құрды; оңтүстік католиктік провинциялар «Испандық Нидерланды» деген атпен Испанияның бақылауында қалды.

XVI ғасырда Англия 100 жылдық соғыс пен қанды раушан гүлдер азаматтық соғысынан әлсіреп қалды. Бірақ Тюдорлар орталық билігін күшейтуге ұмтылады. Маңызды оқиға – тікелей монархқа бағынатын Англиялық шіркеудің пайда болуы болды. Осы уақытта Генрих VIII бен оның қызы Елизаветаның орталықтану бойынша жүргізген саясатына қарамастан, Парламенттің рөлі өсті.

Африкада ең ірі мемлекеттер араб тілінде сөйлейтін Марокко мен Сонгай империясы болды. Сонгай империясы Батыс Африкаға шығатын сауда жолдарына бақылауды орнатады; бірақ атыс қаруларының болмауы кіші Мароккандық армияның қолынан жеңілуге әкеледі. Мұсылмандық ғалым Лео Африканус шамамен 1510 жылы Макроккодан бастап Сахараны кесіп өтіп, Сонгай империясының қасиетті қаласы Тимбуктуды өзінің «Африканың тарихы мен сипаттамасы» атты еңбегінде жазады: «Мұнда саудагерлер мен қолөнершілердің дүкендері өте көп, әсіресе, мақта мен зығыры саласынан басым. Солтүсті африкандықтар, барбари саудагерлері Еуропаның киімдерін енгізді... Мұнда дәрігерлер, заңгерлер және басқа да білімді корольмен қаржыландыратын адамдар тобы бар».

Сонгай өз-өзіне келе алмай, құлап, картадан жоғалады. Бірақ Нигер жазығынан Сахара арқылы бөлінген Марокко да өз жаулап алған аймақтарын сақтап қала алмайды.

Осы барлық өзгерістер Афроеуразиядағы орталықтанған монархиялар мен империялар арасындағы геосаяси биліктің бөлінуіне әкеліп, оқ қарудың барынша көп мөлшерде пайдалануға әсер етті. Ол соғыстарды тек қан-құйлы әрі аса қымбат етіп қана қоймай, мемлекеттерді өз қарулы күштерін жасақтау мен қолдау жүйесін өзгертуге мәжбүр етті. Мушкеттер мен аркебуздарды тиімді пайдалану үшін адам саны көп жаяу атты әскер қажет болады; өз идеалдары мен жекпе-жектері бар рыцарьлық әлем өткеннің еншісіне қалды. Көп мыңдық мешан мен шаруалардан құралып, дворян офицерлермен басқарылған жасақтар күрес алаңында басымдық құрады.

Жаңа әскерлер – оларды оқыту, қарумен және провиантпен қамтамасыз ету т.б. шығындар көп қаржыны талап етті. Бұл салық жүйесі құрылымындағы радикалдық өзгерістер мен салық жүгінің артуына әкеледі. Әскери революцияның соңына ілесе басқаша айтқанда



мемлекеттік қазынаның өсуіне ықпал фискалдык революция орын алды. Халықты қатаң бақылау салықтардың артуына әкелді – үлкен қаржы әскерді құруда жаңа мүмкіндіктерге жол ашты; үлкен әскерлер өз кезегінде жаңа соғыстардың бастауы болды. Ал соғыстар өз кезегінде қазынаның азаюына ықпал етіп, оның орнын толтыру үшін жаңа салықтарды енгізу қажеттілігін тудырды.

XVI ғасырға дейін, яғни XIV–XV ғасырлар аралығында бірнеше жерде жұмыс істеген қолөнершілер қарапайым қаруларды пайдаланды. Технологиялық пен тактикалық жаңалықтардың жетілуіне байланысты қару-жарақтың күші мен дәлділігі артты. Соғыстар барған сайын қанқұйлы бола бастады. Ғалымдардың есебінше, біздің заманымыздың 1500 жыл ішінде шамамен 3,7 млн. адам қаза тапса, тек XVI ғасырдың өзінде 1,6 миллион адам, ал XVII ғасырда 6,1 миллион адам опат болды деп бағаланады.

XVI ғасырда мемлекеттер көбінесе соғысты ұйымдастыру мен жүргізу тәжірибесіндегі өзгерістердің арқасында күшейеді. Халыққа өз бақылауын орнатқан мемлекеттер ерте жаңа заман кезеңінің басында коммуникациялардың артта қалуымен, сословиелік жікшілдік пен жергілікті ақсүйектердің басымдығы сияқты бірқатар шектеулермен бетпе-бет келді.

## Сұрақтар

1. Сіздің ойыңызша Осман империясының Сүлейман тұсында алып империяға айналуының себептері қандай?
2. Осман империясының Азиядағы негізгі қарсыласы қай мемлекет болды?
3. Африкада қандай мемлекеттер дамуы бойынша алғашқы орында болды?
4. Қару-жарақтың қандай зардаптары болды?

## Әдебиеттер

1. Al-Ifrani, *Histoire de la dynastie saadienne au Maroc, 1511–1670*, trans. and ed. O. Houdas (Paris, 1886), 160–162, quoted in E. W. Bovill, *The Golden Trade of the Moors* (London: Oxford University Press, 1968), 165–166.
2. Antonio Monserrate, *The Commentary of Father Monserrate, S. J., on His Journey to the Court of Akbar*, trans. from Latin by J. S. Hoyland and annotated by S. N. Banerjee (London: Oxford University Press, 1922), 198.
3. Toyotomi Hideyoshi, *101 Letters of Hideyoshi: The Private Correspondence of Toyotomi Hideyoshi*, ed. and trans. Adriana Boscaro (Tokyo: Sophia University, 1975), 31.
4. Quoted in Edward William Bovill, *The Golden Trade of the Moors: West African Kingdoms in the Fourteenth century*, with a new introduction by Robert O. Collins (Princeton, NJ: Markus Wiener, 1995), 147–148.
5. William Eckhardt, «War-Related Deaths since 3,000 bc», *Bulletin of Peace Proposals* 22 (Dec. 1991): 437–443.
6. Weston F. Cook, *The Hundred Years War for Morocco: Gunpowder and the Military Revolution in the Early Modern Muslim World* (Boulder, CO: Westview Press, 1994).
7. Quoted in Barton C. Hacker, «Women and Military Institutions in Early Modern Europe: A Reconnaissance», *Signs* 6, no. 4 (1981): 648.
8. Quoted in Nicola Di Cosmo, «Did Guns Matter? Firearms and the Qing Formation», in *The Qing Formation in World-Historical Time*, ed. Lynn A. Struve (Cambridge, MA: Harvard University Press, 2004), 142.
9. Richard Hellie, «Russia, 1200–1850», in *The Rise of the Fiscal State in Europe, c. 1200–1850*, ed. Richard Bonney (Oxford: Oxford University Press, 1999), 493.